

**ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК
Алматы филиалының Алакөл өндірістік учаскесі бойынша
2017жылдың жылдық есебі.**

Алакөл өндірістік учаскесі ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК Алматы филиалының құрымдылық бөлімшесі болып табылады. Кәсіпорынның негізгі басты міндеті, уақытында сапалы түрде суармалы суды аудандағы су пайдаланушыларға жеткізіп беру.

Алакөл ауданының суармалы жерінің жалпы аумағы **-34000га** құрайды, оның ішінде 2017 жылы пайдаланылғаны – **25000га**. Алакөл ауданындағы суландыру жүйесінде Тентек және Жаманты өзендерінде су алу торабы бар. Алакөл өндірістік учаскесінің теңгерімінде **-1201,3 км** су жеткізу каналдары бар, оның ішінде магистралды каналдардың ұзындығы **-12,2 км**, ВМК-2, ВМК-4, Сол жағалау шаруашылық аралық каналдардың ұзындығы **-77,9 км** ал қалған **-1123,4 км** шаруашылықтардың ішкі су жүйесінің каналы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2017 жылдың 14 сәуірдегі № 93- НҚ бұйрығымен суды арналар арқылы 1 текшеметр суды жеткізіп беру тарифі **0,339 тг/м³** (ҚҚС қоспағанда) бекітілсе, 2017 жылдың 22 мамыр айында № 146- НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазсушар» РМК Алматы филиалының Алакөл өндірістік учаскесінің суды арналар арқылы беру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифі 1 шілдеден бастап **0,315 тг/м³** (ҚҚС қоспағанда) бекітілді.

Алакөл өндірістік учаскесі № KZ90VTE00001094 15.08.2017 жылы «ҚР АШМ суды қорғау және пайдалануды реттеу Балхаш-Алакөл бассейні инспекциясынан» алынған арнайы су пайдалануға рұқсаты бойынша тұтынушыларды суармалы сумен қамтамасыз етеді.

29.11.2017ж., №228-НҚ бұйрығымен Алакөл өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне түзетулерді ескере отырып, тарифтік сметасы бекітілген, **0,339 тенге/м³** (ҚҚС қоспағанда) тарифімен.

- Алакөл өндірістік учаскесінің 2017 жылға Инвестициялық бағдарламасы №197 26.10.2017ж. ҚР АШМ Су ресурстары бойынша комитетімен және №102-НҚ 11.10.2017ж. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бірлескен бұйрығы бойынша бекітілген. Алакөл өндірістік учаскесі 2017 жылға теңгеріміндегі негізгі құралдардың амортизациялық шығыны **- 3929,73 мың тенге құрады**. Инвестициялық бағдарлама осы амортизациялық шығын көлеміне сәйкес жобаланған:

- 1) автомашина Niva Chevrolet- 4315,18 мың тенге (жинақталып алынған).
- 2) 3 мотоцикл Yinxiang Yx150-23- 1 110,00 мың тенге.
- 3) Кеңсе жабдығы – 534,00 мың тенге.
- 4) Өндірістік жабдықтарды сатып алу- 238,73 мың тенге.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл өндірістік учаскесінің Инвестициялық бағдарламасы 100 % орындалған және 231,94 мың тенге үнемделген: мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша.

- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл өндірістік учаскесінде суды уақытылы және толық көлемде жеткізіп беру қызметінің табысы **57 392,56** мың тенгені құрайды, ал толық қажетті шығындарға **58 179,51** мың тенге қаражат жұмсалды. Және **786,95** мың тенге шығынға батты, себебі уақытша өтемақы тағайындалған болған.
- 2017 жылы су пайдаланушылармен **488 келісім шарт** жасалып, **178 400,62** мың/м³ су берілді. Ол жоспарланған көлемінің 100% орындалғаны.
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл учаскесінің алдында шаруа қожалықтардың қарызы **1 278,787 мың тенгені** құрайды. Жауапсыз тұтынушыларға сот шешімі шығарылды: ШҚ «Сулейменов Ж.Т.», ШҚ «Оразалинов Е.А.», Муханбетов Төлеген.

- Алакөл өндірістік учаскесінің тауарларды өндіруге және қызметтер ұсынуға арналған нақты жұмсалған шығындары – **47 648,486** мың теңгені құрады, оның ішінде:

1. Материлдық шығындарына - **4 415, 94** мың теңге жұмсалды, оның ішінде:
 - жанар-жағар майға - **1 520, 38 мың теңге**;
 - қосалқы бөлшектерге - **1 081,46 мың теңге**;
 - электроэнергия шығындарын өтеуге – **73 ,89 мың теңге** жұмсалса, облыс әкімінің 2016 жылғы 26 қарашадағы № 506 қаулысы бойынша Көлбай ауылдық округіндегі шаруашылық ішкі су жүйелері Алакөл өндірістік учаскесінің теңгеріміне өтті. Сол себепті Көлбай округінде орналасқан су пайдаланушыларға қызмет көрсету үшін «Сарканирригация» кәсіпорнының су жеткізіп беру қызметі үшін - **1 740 ,22 мың теңге** төленді.
2. Алакөл өндірістік учаскесінің жылдық жалақы қоры - **38 427,485 мың теңге** (ӨП - 29274,64 мың теңге; ӘП - 5628,82 мың теңге), оның ішінде социалдық салық және социалдық төлем: ӘП-2778,22 мың теңге, ӘП-555,37 мың теңге, оның ішінде міндетті медициналық сақтандыру төлемі: ӘП-158,80 мың теңге, ӘП-31,63 мың теңге құрады.
3. Амортизациялық аударымдар - **3929,73 мың теңгені құрайды.**
4. Су нысандарының ағымды және күрделі жөндеуге - **4535, 22 мың теңге** жұмсалды. Оның ішінде ВМК-4, ВМК-2 каналдарына әктеу, бояу көбік нығыздағышпен плита қоспаларын бекіту жұмыстарына - **45,680 мың теңге.** Экскаватормен ВМК-4, ВМК-2 каналдарын мехочисткалық тазалауға кеткен жанар жағар майға - **115,178 мың теңге.** Әкімшілік ғимаратты сырлау, жан жағын қоршауға , ВМК-4, ВМК-2 каналдарындағы су бөлу нүктелерінің жөндеу жұмыстарына, дана су өлшеу бекеттерінің 2 дана көпірлерін жасау және орнату жұмыстарына - **644,430 мың теңге** жұмсалды.
5. **Басқа шығындар - 2 555,93 мың теңгені құрайды**, оның ішінде:
 - 5.1. байланыс қызметінің шығындарын өтеуге - **255,36 мың теңге**;
 - 5.2. техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға - **205,94 мың теңге**;
 - 5.3. іс сапар шығындары - **299,51 мың теңге**;
 - 5.4. гидротехниктердің учаскесіндегі жүріс шығындары үшін - **1 685,07 мың теңге**;
 - 5.5. автокөліктерді техникалық байқаудан өткізу - **12,30 мың теңге**;
 - 5.6. автокөліктерді сақтандыру - **67,74 мың теңге**;
 - 5.7. экспертизалық қызмет - **30,00 мың теңге**;
6. **Ағымдағы салық төлемдері - 2 350 , 69 мың теңге**, оның ішінде:
 - 6.1. жер беті су көздерінен пайдаланған суға төленетін төлем - **1 954,67 мың теңге**;
 - 6.2. қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлем - **14, 93 мың теңге**;
 - 6.3. мүлік салығы - **322,94 мың теңге**;
 - 6.4. автокөлік салығы - **31,14 мың теңге**;
 - 6.5. жер салығы - **27,03 мың теңге**;
7. **Басқа шығындар - 1964,52 мың теңгені құрайды**, оның ішінде:
 - 7.1. орталықтан жылыту - **257,99 мың теңге**;
 - 7.2. кеңсе таурлары - **133,96 мың теңге**;
 - 7.3. учаскенің теңгеріміне өткен каналдарың мемлекеттік тіркеуі үшін - **881,63 мың теңге**;
 - 7.4. банктік қызметтер - **352,84 мың теңге**;
 - 7.5. бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдарға жазылу және басып шығару - **111,27 мың теңге**;
 - 7.6. компьютерлік техникаға техникалық қызмет көрсету шығындары - **149,70 мың теңге**;
 - 7.7. ауыз су төлем ақысы - **60,0 мың теңге**;
 - 7.8. сотқа берілетін мемлекеттік баж - **17,13 мың теңгені құрады.**

- Өткен 2017 жылға қойылған жоспар толығымен орындалды. 2017 жылы 29 қарашада бекітілген соңғы тарифтік түзету бойынша № 228- НҚ **0,339**

тенге/м³ **180 000,0** мың/м³ су берілу жоспарлануда. Су нысандарының ағымды және күрделі жөндеуге биылғы жылы 4 су өлшеу бекетін салу жоспарлануда. 2018 жылы Алакөл өндірістік учаскесі өндіріске қажетті бір Нива автокөлігі және жер өлшеу GPS –ін, дәнекерлеу жабдығын алу жоспарлаған.

Начальник Алакольского ПУ



Аубакиров К.Ж.